



Бекітемін *Е. - МГ*
«Kids Avenue» жеке балабақша
директор Гаврилина Е.М

2023/2024 оқу жылына балабақшаның қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары

| № | Тақырыбы | өткізу уақыты | Жауапты |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|---------------------------------------------------------|
| 1 | 1.Қамқоршылық кеңес ережелерімен таныстыру 2.Қамқоршылық кеңесінің төрағасымен хатшы сайлау 3. Қамқоршылық кеңес жұмыс жоспарын бекіту. | Қыркүйек | Балабақша әкімшілігі, қамқоршылар кеңесінің төрағасы |
| 2 | 1.Функционалдық міндеттердің бөлінуін бақылау-меңгеруші баяндамасы. 2.Азық түлік жеткізілуін бақылау диетбекенің қызметінің есебі | Қараша | Балабақша әкімшілігі, қамқоршылар кеңесінің төрағасы |
| 3 | 1.Аумақты абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі іс-шараларға жәрдемдесу және қаржылық қолдау 2.Жаңа оқу жылына дайындық бойынша жөндеу жұмыстарын жоспарлау. | сәуір | Балабақша әкімшілігі, қамқоршылар кеңесінің төрағасы |
| 4 | 1.Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру 2.Аудандық және облыстық маңызы бар конкурстарға қатысатын педагогтер мен тәрбиеленушілерді қаржыландыруға және қолдауға жәрдемдесу 3.Балабақша меңгерушісінің бөбекжайдың өзін-өзі аттестаттау нәтижесі туралы есебі | мамыр | Балабақша әкімшілігі, қамқоршылар кеңесінің төрағасы |

**«Kids Avenue» жеке балабақшасының қамқоршылық кеңесі отырысының
№1 хаттамасы**

Өткізілген күні: 12.09.2023 жыл

Қатысқандар: балабақша директоры, қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Рысжанова К.Н., Дондукова Т.С., Молдабекова А.С., Касимова С.Д., Мясников А.Н., Любина Т.Р., Месникова Г.П., Рыскалиева А., Борисова Е.

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, хатшысын сайлау.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша директоры Г.Е. Михайловна ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті. Балабақшадағы құрылып отырған Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне ата-аналар, жеке кәсіпкерлер, қалалық емханалардың фтизопедиатрлары, полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторы еніп отыр. Жоғарыда атап өткен үлгілік қағидаға сәйкес Қамқоршылық кеңестің өкілеттігімен таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан төраға сайлану қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп, Қамқоршылық кеңесінің төрағалығына Борисова Еленаны ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып балабақша педагог психологі Казғалиева Мадина Нурлановна тағайындалды.

Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. директоры Г.Е. Михайловна қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. 2022 жылдың қыркүйек айынан 2023 жылдың мамыр айына дейін бес отырыс өткізіледі деп шешті. Келесі отырыста балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді, 2022-2023 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен танысу мәселелері қаралатын болса, одан кейінгі отырыстарда тамақтануды ұйымдастыруды бақылау, балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу, бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысу, түзеті- дамыту жұмыстарының барысы, мезгілдік сауықтыру шынықтыру шараларымен танысу,

мезгілдік сауықтыру іс шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау, қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп беру сияқты мәселелер қарастырылатын болды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің ұсынысы бойынша төраға болып Борисова Елена сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағас



Борисова Е.

хатшы:



Казгалиева М.

**«Kids Avenue» жеке балабақшасының қамқоршылық кеңесі отырысының
№2 хаттамасы**

Өткізілген күні: 23.11.2023 жыл

Қатысқандар: Балабақша директор, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

Күн тәртібінде

1.Функционалдық міндеттердің бөлінуін бақылау-меңгеруші баяндамасы.

2.Азық түлік жеткізілуін бақылау диетбекенің қызметінің есебі медбике

Тындалды:

1. директоры Г.Е.Михайловна өз сөзінде ҚК мүшелерін топтарда функционалдық міндеттердің бөлінуін бақылау нәтижелерімен таныстырды.Тексеру мақсаты:балалардың мәдени –гигеналық тамақтану дағдыларын тәрбиелеу арқылы салауатты өмір салтын туралы құнды түсініктерді қалыптастыру бойынша білім беру процесінің тиімділігін арттыру.

2. Талдау сұрақтар

–еңбек қызметін ұйымдастыру үшін топта жағдай жасау(тамақтану кезінде топта кезекшілік бұрышын жасау)

–тәрбиеші ролі (тамақтану кезінде нұсқаулық)

-тамақтану дағдыларын меңгеруді бағалау мәдени – гигиеналық балалардың дағдылары.

Тексеру нәтижесі бойынша мыналар анықталды:

Балабақшадағы баларды тамақтандыруды ұйымдастыру сәйкес жүзеге асырылады әр жас тобының күн тәртібін қатан орындамаумен топтарда балалардың тамақтануын – тәрбиешінің басшылығымен ұйымдастырылады.

-дайындық тамақтану кезінде – қауіпсіз жағдай жасау

-мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру

-тамақтың мөлшерін дұрыс салып беру

-мәдениетті тамақтану әдеттерді қалыптастыру

Барлық топтарда және асхана бойынша тамақтануды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған: кезекшілер бұрышы,кезекшілік кестесі,бақылаудың анықталған кемшіліктерінің бірі ол тәрбиешілер тағамдардың атын атай бермейді., аспазшы қандай тағамдарды дайындап берген туралы әңгіме айту, сол кезде ғана балалар тамақтардың аттарын есте сақтайды.

Осы мақсатта әр жас тобында «ас мәзірі» бар,ата-аналарға арналған тағамдар ақпарат күнделікті іліп қойылады.

Тындалды: медбике топтарда азық түлік жеткізілімін бақылауға талдау жүргізілді.Басшы бекіткен күзгі-қысқы он күндік мәзір негізінде 4рет тәулік бойындағылар 5 рет тамақтану және жемістер мен шырындардан ұйымдастырылған. Балабақша тағамдарының картатекасы бар, үшінші тағам міндетті түрде витаминдеу жүргізіледі. Ас блогінде персоналдың жеке гигиенасы ережелерін сақтау үшін қажетті жағдай жасалған(сабын,сүлгі)

Ас үй ыдыстары, кесу тақталары,пышақтар санитарлық қағидаларға сәйкестендірілген. Ас блогінде қызметкерлердің жеке гигиенасын сақтау жөнінде жадындама ілінді.Ата-аналардың ақпараты үшін күнделікті мәзір ілінеді. Брокеражный комиссия ай сайын азық-түліктің салынуын,тағамның

топтарға бөлінуін, ас блогінің санитарлық жағдайын, қоймаға жеткізілетін өнімердің сапасын бақылау.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. ҚК, ата-аналар жиналыстары, кеңестер, ата-аналарға арналған бұрыштар арқылы МДҰ-да тамақтандыруды ұйымдастыру мәселесін жүйелі түрде жариялау.
2. Ас блогындағы таразыларды жүйелі түрде тексеру.
танысып қолдайтындарын білдірді.

Қамқоршылық кеңесінің

төрағасы:



Борисова Е.

хатшы:



Казгалиева М.

**«Kids Avenue» жеке балабақшасы қамқоршылық кеңес отырысының
№3 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 23.04.2024 жыл

Өткізілген орны: «Kids Avenue» жеке балабақшасы

Қатысқандар: Балабақша директор, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі іс-шараларға жәрдемдесу және қаржылық қолдау көрсету мәселесі.
2. Жаңа оқу жылына дайындық бойынша жөндеу жұмыстарын жоспарлау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз сөйлеп, мекеме аумағын көркейту, балалардың қауіпсіз әрі қолайлы ортада тәрбиеленуіне жағдай жасау мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді.

Атап айтқанда, аумақты көгалдандыру, гүлзарлар мен жасыл желектерді көбейту, ойын алаңдарын ретке келтіру және серуендеу аймақтарын абаттандыру қажеттілігі айтылды. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінен аталған жұмыстарға қолдау көрсету және демеушілік көмек ұйымдастыру мәселесі қарастырылды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері аумақты көркейту балабақша тәрбиеленушілерінің денсаулығы мен эстетикалық тәрбиесіне оң әсер ететіндігін атап өтіп, ұсынылған іс-шараларды қолдайтындықтарын білдірді.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары туралы баяндады. Топ бөлмелеріне, дәліздерге және шаруашылық нысандарына жүргізілетін ағымдағы жөндеу жұмыстарының жоспары таныстырылды.

Сонымен қатар ойын жабдықтарының, жиһаздардың және санитарлық-техникалық құралдардың жай-күйіне талдау жасалып, қажетті жөндеу және жаңарту жұмыстарының тізімі ұсынылды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жөндеу жұмыстарын уақытылы әрі сапалы жүргізу қажеттігін атап өтіп, ұйымдастыру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізді.

СӨЙЛЕДІ:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Борисова Е. балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту және балалар үшін қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстардың маңыздылығына тоқталды.

Кеңес мүшелері аумақты көгалдандыру және жөндеу жұмыстарына мүмкіндігінше қолдау көрсететіндіктерін білдіріп, ұсынылған жоспарды мақұлдады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін. Қамқоршылық кеңесі мүшелері тарапынан аумақты көгалдандыру және көркейту жұмыстарына жәрдем көрсету ұйымдастырылсын.
2. Жаңа оқу жылына дайындық бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстарының жоспары бекітілсін. Жөндеу жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтау қамтамасыз етілсін. Балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы



Борисова Е.

хатшы:



Казгалиева М.

«Kids Avenue» жеке балабақшасы қамқоршылық кеңес отырысының №3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 29.05.2024 жыл

Өткізілген орны: «Kids Avenue» жеке балабақшасы

Қатысқандар:

Балабақша директор, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру.
2. Аудандық және облыстық маңызы бар конкурстарға қатысатын педагогтер мен тәрбиеленушілерді қаржыландыруға және қолдауға жәрдемдесу.
3. Балабақша меңгерушісінің бөбекжайдың өзін-өзі аттестаттау нәтижелері туралы есебі.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Г.Е.Михайловна сөз сөйлеп, жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жоспарын таныстырды. Балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру және жаз мезгіліндегі тәрбиелік іс-шараларды тиімді ұйымдастыру бағытындағы жұмыстар туралы ақпарат берілді.

Жазғы кезеңде спорттық ойындар, сауықтыру шаралары, серуендер, танымдық және шығармашылық іс-шаралар өткізу жоспарланғаны айтылды. Қамқоршылық кеңесі мүшелері ұсынылған жоспарды қолдап, балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлу қажеттігін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша директоры Г.Е.Михайловна аудандық және облыстық деңгейдегі байқауларға қатысатын педагогтер мен тәрбиеленушілерді қолдау мәселесін қарастырды. Байқаулар мен конкурстарға қатысу балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға мүмкіндік беретіні айтылды.

Қамқоршылық кеңесі мүшелері қатысушыларға ұйымдастырушылық және материалдық қолдау көрсету мүмкіндіктерін талқылап, конкурстарға қатысуға жәрдемдесу қажеттігін білдірді.

Үшінші мәселе бойынша балабақша директоры Г.Е.Михайловна балабақшаның өзін-өзі аттестаттау нәтижелері туралы есеп берді. Есеп барысында ұйымның оқу-тәрбие жұмысы, кадрлық әлеуеті, материалдық-техникалық базасы, тәрбиеленушілердің даму көрсеткіштері және ата-аналармен жүргізілген жұмыстар туралы мәліметтер ұсынылды.

Өзін-өзі аттестаттау нәтижесі бойынша балабақша қызметінің мемлекеттік талаптарға сәйкес ұйымдастырылғаны және білім беру сапасын арттыру бағытындағы жұмыстардың жүйелі жүргізіліп отырғаны атап өтілді.

СӨЙЛЕДІ:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы балабақша ұжымының оқу жылы бойы атқарған жұмыстарына оң баға беріп, жазғы сауықтыру кезеңін сапалы ұйымдастырудың маңыздылығын атап өтті.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері аудандық және облыстық байқауларға қатысатын тәрбиеленушілер мен педагогтерді қолдау қажеттігін айтып, бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыруды ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1.Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары мақұлданып және бекітілсін.

Жауапты: балабақша директор, педагогтер Мерзімі: жазғы кезең

2.Аудандық және облыстық маңызы бар конкурстарға қатысатын педагогтер мен тәрбиеленушілерге ұйымдастырушылық және мүмкіндігінше материалдық қолдау көрсету жұмыстары жүргізілсін.

Жауапты: Қамқоршылық кеңесі мүшелері Мерзімі: жыл бойы

3.Балабақша меңгерушісінің бөбекжайдың өзін-өзі аттестаттау нәтижелері туралы есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

Жауапты: балабақша әдіскер Мерзімі: белгіленген жоспарға сәйкес

Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау Қамқоршылық кеңесінің төрағасына

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы



Борисова Е.

хатшы:



Казгалиева М.